

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Орынбасар Жансая Zhansaya.orinbasar@icloud.com «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекші: Философия ғылымдарының докторы, профессор Бекежан Ө.Қ

Бұл мақалада қазақ халқының XIX ғасырдағы қиын-қыстау кезеңін, яғни отаршылдық дәуірін және осы кезеңдегі ақындардың қоғамға, әлеуметтік теңсіздікке, ұлттық тәуелсіздік көзқарастары талданады. Зар заман ақындары әділетті қоғам құру, ұлттық бірлікті сақтау қажеттігін жырлаған. Аталған мәселелер қазіргі қоғам үшін де өте маңызды. Қалың жұрттың қайғысын ақтарушы М.Әуезов: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі халықтың тұнжырайып тұрған бейнесінен, ыңыранып, күрсінген күйін білдіреді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң артқы бостандықпен әлдеқайда қоштастық»- деп өз пікірін білдіреді. Зар заман поэзиясы – XIX ғасырда қазақ қоғамында орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты туған әдеби бағыт. XIX ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ даласында орыс отаршылдығы барынша күшейе түсті. Тыныш жатқан қазақ халқының ұйқысын қашырған жаңалық Ресей патшалығының 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғыны» және 1868 жылғы «Жаңа реформа» заңдарын енгізіп, хандық билікті жойды, қазақ жерін тікелей басқаруға көшті. Бұл қазақ халқы үшін дүр сілкіндірген жағдай болғаны сонша халықтың жағдайы қатты төмендеп кетті. Салықтың көбеюі, жердің отарлануы, халықтың өз билігінен айырылуы халықпен бірге ақындарды қатты қынжылтты. М.Әуезов осы бір қиын қыстау дәуірін жырлайтын жырауларды «зар заман ақындары» деп атады. Ал «зар заман» деген ұғымның өзі Шортанбай Қанайұлының заман жағдайын жеткізген өлең аты. Шортанбай ақын секілді халқының мұң-мұқтажын жеткізген жырауларды «Зар Заман ақындары» атауына ие болды. Алаш қозғалысының қайраткері, саяси тұлға Халел Досмұхамедұлы М.Әуезовтің бұл пікірінен кейін де өз тұжырымымен бөлісті. «Год работы Казахского высшего педагогического 199 института» атты жинаққа енген «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк» деген зерттеуінде поэзия түрлерінің бірін – «зар заман» деп атағаны белгілі. Яғни, сол заманның салт-санасының өзгеруі, әдет-ғұрыптарының артта қалуы, билердің әділетсіздігі мен өз қамын ойлаушылардың пәтуасыздығын, адамдардың адамгершілік қасиеттерін, жайылым-қоныстардың тарылуы деп жіктеген. Алайда күні кешеге дейін қазақ әдебиетінің тұлғалы өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Кердәрі Әбубәкір ағартушылық демократияшылдық бағытқа қарсы кертартпа бағыттың өкілі ретінде бағаланды. Ақындарымыздың сол кезеңдегі халықтың мұңын жеткізгені жоғарғы билік өкілдеріне ұнамай, олардың күні-түні халқы үшін азаттықты жырлаған жырларына кері көзқарас танытты. Олай тұсау салуының себебі де осы. Зар заман ақындарының қайраткерлік деңгейге көтерілуі отаршылдықтың күшеюімен байланысты болды. Олар өздерінің бар күш-қуаты мен дарынын халықтың санасын оятуға бағыттады. Ақындар қауіп-қатерді, әділетсіздікті алдын ала ескертіп, оның зардаптарын айқын суреттеді. Елдің тұтастығына нұқсан келтірген отарлаушылардың сұрқия бейнесін жасап, олардың айла-шарғыларын әшкереледі. Сондай-ақ, сол зұлымдыққа жол ашқан өз халқы ішіндегі опасыз жандарды да аяусыз сынға алды. Кейбір сәттерде ел бірлігінің әлсіреуіне күйініш білдіріп, оның салдарын ашып көрсетті. Зар заман оқиғаларын шынайы түрде сипаттап, кейінгі ұрпаққа тағылым ретінде мұра етіп қалдырды. Енді еркіндік заман жоқ, Дұшпанның құрған торы бар. Ендігі туған жігіттің Мандайының соры бар, -деп қазақ даласының зілдей басқан қара күшін байқаған Шортанбай Қанайұлы философиясының мәні осынау заманнан бастау

алады. Шортанбай өмір сүрген заман халықтың қонысынан тарылып, түрлі бекіністер салынған, қазақтың көптеген қалаларының Ресейге бағына бастаған кезі болатын. Осыларды көрген ақын халықтың көзі ашып, санасын оятқысы келді. Елді ішкі сыртқы бірлікке шақырып, елін-жерін сақтауға шақырды. Сонымен қатар оның қорқынышы сол замандағы адамдар адамгершілік қасиеттерінен айырылып, үлкенді сыйлау азайып барады деп шошынады. С. Мұқанов ақын поэзиясын зерттей келе: «Шортанбайдың үш зары бар. Олар: «Зар заман», «Бала зар», «Өлер зар». Осы үш зарда да халықтың басына түскен зарды, заманның зарын айтқан», - дейді. Мына заман қай заман? Азулыға бар заман, Азусыз тар заман. Тарлығының белгісі: Жақсы — жаннан түңілген, Жаман — малдан түңілген, Мұның өзі — зар заман. Зарлығының белгісі: Бір - бірлерін күндеген, Жай-жайына жүрмеген, Мұның өзі — тар заман, - деген Ш. Қанайұлының «Зар заман» өлеңіндегі идея сол кезеңдегі әлеуметтік жағдайды көрсетті. Оның өлең жолдарындағы «Азулыға бар заман» дегені сол дәуірдегі билік өкілдерінің қолында күш болғасын олар үшін барлығы құлпысы ашық кілт секілді бар болуы. Ал «Азусызға 200 тар заман» дегені халықтың әлсіздігі мен биліктің ісіне ештеңе дей алмай, бәріне көз жұмуы заманның тарлығында болған. Ш. Қанайұлының өлеңдерінен азған заманның қай жақтан келгенін бірдең байқауға болады. Ақша - сауда капиталының қазақтың байлығын соруға келген елшісі. Сауда-саттыққа ғана негізделген қатынас адамдар арасындағы байланысты ығыстырып, оларды тек ақша тілінде сөйлетеді. Асылық асқан заманда, Алуан- алуан жау шықты, Арам ораз хан шықты, Қайырымы жоқ бай шықты. Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шықты. - деп азған заманның қай жақтан келгенін бірден байқаған ақын сырттан ақша қуып келген саудагерлерді ғана емес, сауда жолын түсініп, құныққан байларды да байқады. «Қазақ-қазақ» деп зарланғанмен, Шортанбайға аты қазақтың бәрі бір емес. Оның жаны аштыны да, халіне қайғыратыны да халықтың көпшілігі – кедейлер. Кеңес кетпес үйіңнен, Жаман болып, тоқ болсаң, Үйіне ешкім келмейді. Ассыз кедей, жоқ болсаң, Тілің менен қолыңды, Шолақ қылар әр неге, Ортадан жалғыз дақ болсаң... Кедей байға ермейді, Бай кедейді көрмейді, Қызметін бір күн қылмаса, Майлы сорпа бермейді. Байлардың, байшыл үкіметтің кедейді қандай әдіспен жейтіндігіне Шортанбай жалпы қарамай, конкретті мысалдар алады: «Байды құдай атқаны – Жабағы жүнін сатқаны. Кедей қайтіп күн көрер, Жаз жатақта жатқаны?» - «Осынша азды ел неден?» өлеңінде қазақ қоғамындағы кедейдің тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. Кедейдің жаз бойы қара жұмыс істеп, қыста аш-жалаңаш күн көруге мәжбүр екенін көрсетеді. Ал тілмаштар мен билердің әділетсіздігін айыптайды: «Жалғыз сиыры бар болса, Соғымына сояды. Кедейге салып 'шығынды', Араны 'бидің' тояды.» Бұл өлең жолдарынан кедейдің қолында бар-жоғы жалғыз малы болса да, билік оны түрлі сылтаулармен тартып алып, өз пайдасына жаратады. Шортанбай сияқты, ел арасында қожа атанған, мұсыл-манша оқыған, дінге сенетін адам, өлерінде ақырет сөзін ғана айтып, құдайдан иман тілеп зарлап, дүние сөзін ауызға алмауы тиісті еді. Шортанбай өйтпейді. 201 Ол өлердегі халқына айтқан өсиетінде де «өлген соң маған дұға қыла көріңдер» деп жалынбай, елдің басты адамдарына халқын тапсырады, халқының мұңын айтады. Осы өсиетін орындау үшін ғана Шортанбай дінді, ақыретті өсиет айтқандардың алдына көлденең тартып, халыққа мейірімсіз әкімдердің қатал көңілін дінмен, ақыретпен өсиет арқылы жібіткісі келеді: Болыстарға айтатын өсиеті: Дүниенің малы үшін, Ақтан аттап өтпендер Старшын, болыс болам деп, Ысырап қып малды төкпендер. Ақсақалдарға айтқан өсиеті: Үлкендер саған айтайын, Дүниенің боғы үшін, Тура жолдан азбаңдар; Тәнірге бекер жазбаңдар. Тентек болма балаға. Безер болма келінге Қадірің кетер еліңе, Қарауыл қой сөзіңе, Қанша нәрсе ереді, Өлгеннен соң өзіңе,- деген өсиет сөздерінде еңкейген елудегі қариядан кішкентай балаға дейін арналған өсиетінің мәні сол заманның әлеуметтік идеясын білдірді. Ақын заманның бұзылуымен қатар тұрмыстық өмірдегі әйел мен күйеу

арасындағы байланысты да жеткізеді. Оны мына бір өлең жолдарынан мысал келтірейік: Алдым деп қатын мастанба Жаман қатын алғаның – Басы жұмыр пендеге, Алланың салған пәлесі. Киімі тағы өзінің май-май ғана. Байымен ұрысса да таймай ғана. Сыртына ожауының битін сығып, Тығады қазанына шаймай ғана. Көзіңмен көріп тұрсаң бекер дейді, Түбіме сүйте берсең жетерсің,- дейді. Ақын заманның қоғамдық мәселесінен бөлек жеке адамның өмірлік жар таңдауда қателеспеуі керектігін, әйтпесе, бүкіл өміріне кесірі тиетінін меңзейді. Сонымен, Шортанбай Қанайұлының әлеуметтік философиясы өз дәуірінің мәселелеріне жеке жеке тоқталып өз көзқарасын көрсетті Сыншыл ақын болмысты жасырмай шынайы түрде көрсете алды. Шортанбай Шоқандай, Абайдай бола алмағанымен, заман шындығын шеберлікпен өлеңге сыйғызған. Шортанбай дін сөзін көп қолданғанына қарамастан, діндар емес, мистік ақырет ақыны болғанымен, оны халық санасынан сыртқа сырып тастауға ешкімнің құдіреті жеткен жоқ; Шортанбай феодал табының көзқарасымен жауап берсе де, халықты қанап отырған кім екенін көрді; Шортанбай құдайға сенген, мұсылман дінінің қабырғалы молдасы болғанымен, үнемі молдалық жолын құмай, заманында айтысқа түскен – суырып салма ақында болды; ол өз заманының елеулі ақыны, Абайдан бұрынғы әдебиеттің көрнекті уәкілі ретінде танымыз. Кердәрі Әбубәкір лақап атымен елге танылған зар заман поэзисының ірі тұлғаларының бірі. Құдайым өзі сақтап оңғармаса, Болып тұр бұл замана судай лай. 202 Бұрынғы өткен билер сондай еді Қак жарған қара қылды қандай еді? Қызығып дүниаға жолы айтпаған, Ақылы жанып тұрған шамдай еді,- деген өлең жолдарынан ақынның бұрынғы ешкімге соқтығыспай жатқан қарапайым халқының тыныштығын аңсайды. Ақын өзінің өлең-жырларында бір жағынан халықты оқу, білімге шақырса, екінші жағынан қазаққа мектеп ашып, жастарды оқуға тарта бастаған сол тұстағы билікті де мадақтайды. Өнер-ғылымды, отарба сынды машиналардың шығуын мақұлдай отырып та ол өткенді аңсаудан арыла алмайды. Әбубәкір ақынның ой-пікірі, бағыты мен көзқарасы басқа ақындарға қарағанда өзіндік ерекше болды. Ол кейбір тақырыптар бойынша біріне-бірі қарама-қайшы екі түрлі көзқарас білдіреді. Мысалы, ақынның «Заманның халіне айтқан сөздері» өлеңінде ол бастан-аяқ Александр патшаны марапаттайды. Алайда өлеңнің: "Азырақ бұл қағазға шиғыр жаздым, Осылай ақсақалдар жаз деген соң" – деген жолдарынан ақсақалдар тарапынан берілген тапсырманы амалсыз орындағаны анық байқалады. Ол ауыл ішіндегі міндетті жұмысты еріксіз атқарып отырғанын ашық түрде жеткізеді. Бұл өлең жолдарны қазіргі заманмен тұспа-тұс келгендей. Шыныменде қазіргі таңда адамның өзінің жүрегінің қалауымен жасалынатын таңдау берілсе де қоғамдық саяси жағдайлардың қасында жоқтың қасы. Еріксіз өзінің қаламаған нәрсеңді жасау бұл адамның өз өзіне еркіндік бере алмауы. Әбубәкір бірнеше жыл бойы болысқа хатшы болып қызмет атқарған. Бұл оның толықтай еркіндікке ие болмағанын, белгілі бір билікке бағынышты болғанын көрсетеді. Сондықтан оның кейбір өлеңдері сол кезеңнің ықпалымен жазылуы мүмкін. Ақын қазақ қоғамында отарлаушылардың әсерінен әділетсіздіктің белең алып, халықтың мінез-құлқы өзгергенін, үлкен мен кішінің арасындағы сыйластықтың жоғала бастағанын, менмендік пен өсек-өтіріктің өршігенін сынайды. Сонымен қатар, ол бұрын халық берік ұстанған дін мен имандылықтың аяқасты болуына алаңдап, қоғамдағы рухани құлдырау туралы терең ойға беріледі Ақын адамзаттың бұл дүниедегі ең соңғы сүйенері – дін екенін айрықша атап көрсетеді. Оның өлең-жырларының негізгі арқауы – халықтың сеніміне айналған дін мен шарифат жолы. Ол шығармаларын осы сенімге негіздей отырып өрбітеді. Мысалы, ақын мына жолдарында: Жарандар кеңес жазайын, Үшбу дәптер қағазға. Ақымаққа таяқ деген бар, Ақылы қысқа сабазға. Мұсылман болсаң – іждат қыл, Иман, ораза, намазға.– деп, мұсылмандық парыздарды өтеудің маңызын түсіндіреді. Ақынның әлеуметтік философиясы адамның ақыл-парасаты мен рухани жетілуін дінге деген шынайы сеніммен байланыстыра

жырлайды. Сол кездегі адамдардың пиғылын да дінмен байланыстырып оқырманға адамың тығырыққа тірелгенде ғана аузына кәлимасын айтатындарды сынға алды. Кердері секілді Мұраттың көзқарасы да оның «Үш қиян», «Сарыарқа», «Әттең,бір қапы дүние-ай!» толғауларынан сыр шертеді. Замана қайтіп түзелсін, Қоңсыдан туған би болды.. . Азамат ердің баласы, Айдарына малы жоқ, 203 Топ көрерге зар болды. Қоспақтан туған қортықша, Қатарға шығып нар болды... Ақылсыздың баласы, Ақшасына сүйеніп, Айтқан сөзі пұл болды, Заманың мұндай сұм болды [24,238 б]. Заманның бұзылғанын өз пайдасына шешетін ақшаны маңызды деп санайтын адамдардың бар болуы қазіргі заманмен де сәйкес. Оларға керегі елдің мұң-мұқ-тажы емес, қарақан басының пайдасы. Билер заманмен таласа, елін қинағвн ақылсыздардың ісі ақынның өлеңінің басты тақырыбының бірі. Ол өзінің заманында тек қана халқы үшін толғау-дастандарын жазып қоймай, оның суырып салма ақындық қасиеті жоғары болды. Оның бір қатары «Айжарыққа», «Есенғали болысқа», «Есентемір Тұрабай болысқа» өлеңдерінде - жеке бастың қамын ойлаған ел басшылары сыналады. Қ.Жұмалиев айтқандай «Үш қиян» Мұрат поэмаларының ішіндегі мазмұны жағынан болсын, түрі жағынан болсын ең күштісі. «Үш қиянда» сол кездегі ел тілегі толық қамтылады» Мұнда ақын ескі дәстүрдің іргесі енді келмеске кеткенін, басқа жұрттың елге келуімен көрсетті. «Үш қиян» жырында ноғайлы дәуірі жырларының сарыны да анық байқалады. Еділдің бойы – қанды қиян, Жайықтың бойы – майлы қиян. Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян, Адыра қалғыр, Үш қиян! Үш қиянның ара бойынан, Жеті жұрт кетіп жол салған. Жеті құрттың кеткен жер, Қайырсыз болған неткен жер? Адыра қалғыр, көк Жайық, Көпір салып өткен жер, Асан Қайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шораның шұбап кеткен жер. Мұраттың осы толғауы Зар заман дәуірінің шоқтығы.Мұнда Үш Қиян деп үш өзен салаларын айтады Батыс Қазақстан өлкесі, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, аңғарлары сөз болады. Себебі тарихымыздың бастауының өзі осы өзендерден туған жерімізді тартып алған Орыс еліне қарсы бағытталған жыры. Мыңнан-мыңнан жылқы айдап, Ақтылы қойды өрген жер. Шалқыған дәулет мол бітіп, Қызығын жұртым көрген жер. Емендей белін бүгілтіп, Жібектей жалын төгілтіп, Еріні төмен салынған, Құйрығы гүлдей малынған, Күдері бел, күпшек сан, Бедеу атқа мінген жер, -өмір сүріп жатырған елін жеріне деген Орыс империясының әрекетіне қарсылығын көрсетеді. 204 Ақынның өзі айтқандай «кейінгі туған баланың» қамы Мұратты да қатты алаңдатады. Ақын өз қара басының жайын ғана ойламайды, айнала қоршаған әлем, орта, қоғам, ел мен жер- су бәрі де қырағы көзден тыс қалмақ емес. Осыны ойлаған ақын: Мен қауіп еткеннен айтамын: Ақ борықтай иілген, Кейінгі туған баланың, Ұстай ма деп білегін, Шая ма деп жүрегін. Шашын, мұртын қойдырып, Ащы суға тойдырып, Бұза ма деп реңін... Адыра қалғыр заманның Жаратпаймын сүреңін. Ақынның «Сарыарқа» еңбегі жайында Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Қадір Жүсіп мынадай мәліметтер ұсынады: «Ел ішіндегі әңгімеге қарағанда Сарыарқаның жырлану тарихы мындай: Мұрат жалғыз түйесін жетектеп, Маңғыстауға нағашыларына жол тартты. Мұны естіген Адайдың қызба жігіттері «Мұрат айтқыш» дейді сонысын байқап көрелік,өзіміздің Аралбаймен Қашағанмен айтыстыралық ол сонда ғана жеңіледі. Қаңғыш келіп, біздің жерімізде тұрып,бізден жоғары болмас» дейді.Мұны естіген Мұратта бір күні келетінін іштей сезгенді.Бір күні Адай халқының үлкен жиыны болғанында сөз сөйлеп,тілек айту жаңадан келген қонақ Мұратқа берілген.Сол тілегінде осы “Сарыарқа”жырын жырлаған. Біз көштік Сарыарқадан бермен асып, Көлденең Сағыз бенен Жемді басып. Ат мініп, киім киіп, тұқым алдық Сүйектес жақын жұрт деп араласып. Сыртымнан бір қыстамай мін тағыпсыз, Қонаққа сүйте ме екен келген сасып. Қонаққа сүйте ме екен сасып келген, Алыстан жақын жұрт деп асып келген. Профессордың сөзіне дәлел боларлықтай бұл жырдың идеясы да ата бабаларының қасық қаны қалғанша қорғаған жерін отарлаушылардың табанының астына таптатқысы келмегенін ашына жеткізеді. Менің атым

- Байғыз қарт, Көзге түсер сиқым жоқ. Орынсыз күлер күлкім жоқ, Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ,-деп өзінің “Айтқызбасымды айтқыздың” өлеңінде өзін байғызға теңеп, автономінездемесін жасаған Дулат Бабатайұлы – отаршылдық саясатты айыптаған ақын. Себебі патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау кезеңін өз көзімен көріп, оның халқына әкелген ауыртпалықтарын жырлаған көрнекті ақын. Ол елдің жайын терең ойлап, туған халқының болашағына алаңдаған, әділетсіздікке қарсы шыққан қайраткер тұлғалардың бірі. «Дулат жырауды XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың 40-50 жылдарға дейінгі аралықта қазақ халқы басынан кешкен экономикалық, қоғамдық, тарихи жағдай туғызды», - деген Құлмат Өмірәлиевтің пікіріне сүйенсек, ащы запыран болып төгілген өлеңдер міне, соның айғағы дер едік. Осындай өкінішті Д.Бабатайұлы шығармаларынан көруге болар еді. Мысалы мына бір өлең жолдарынан: Күнбатысқа көз салмай, Күншығысты еске алмай... 205 Бізді алатын жау жоқ деп, Бізден мықты дәу жоқ деп, Алды артыңды байқамай, Маған не бар дескенсің. Болашақты болжамай, Жол сауданы олжалай, Ақбөкендей алданып, Жылқыдай делбе сандалып, Ортасына кәпірдің, Аңдамай келіп түскенсің-халықты ұйқысынан оятып, сақ болуға шақыру мақсатында жазылған. Ол қазақ даласына отарлық биліктің енуіне халықтың бейғамдығы да себеп болды деп есептейді. Ақын өз шығармаларында осындай өкініш пен запыран төге отырып, елді оятуға, өткеннен сабақ алуға үндейді. Ақынның «Азған елдің бектері, Қан шықса, елін жұлмалар, Қасқырменен аралас» деген тіркестері биліктің халықты тонап, өз пайдасын ғана ойлағанын айқын суреттейді. Жаңа билік жүйесі әділетсіздікке негізделгенін, қазақ жерінде бұрынғы билік дәстүрлері бұзылғанын ашық көрсетеді. Дулаттың «Ауылдың атқа мінері, Жемтікке қонған күшіген» деген жолдары ел басқарып отырғандардың елге қорған емес, керісінше, құзғын сияқты жемқор, сатқын болғанын бейнелейді. Ол аға сұлтандар мен билердің халықтың қамын жейтін адал басшы болудан қалғанын, олардың тек жеке бастың пайдасын көздейтінін ашына жазады. Олардың міндеті де сол халқын қорғау еді. «Балық басынан шіриді» демекші ең алдымен алдыңғы басқарушыларымыз болыс, билердің таза болуының керектігіне баса назар аударады. Себебі, ол жалғыз емес артында өзіне сенген халқы тұрғанын. Олардың ең бірінші міндеті халық игілігіне қызмет ету, тура сөйлеу, білікті билік айту, елді бірлікке шақыру, ел шетіне жақындап қалған қандай да бір қауіпті алдын ала сезіп, елді одан дер кезінде сақтандырып отыру. Өз пайдасы үшін қара халықты қанатқан пиғылы арам адамдар әлдеқашанда өз жазасын алады- деген ойды Дулат өз шығармаларына арқау етті. Би мен бектің сәні жоқ; Елін қорғай алмаса, Тура жолға салмаса, Ыстығына күймесе, Суығына тоңбаса, - деп ел билерін күлкіге айналдырып, тілдеумен болады. «Қайғылыны уаттым» өлеңінде ел бүлдірушіні «улы тілмен улаттым» қайғылы елін бойына қайғы беріп уатуды» өзіндік ақындық мұраты деп білді. «О, Барақ жас, Барақ жас» атты өлеңінде ақын патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы тұруға қауқарсыз, биліктің әділетсіздігіне үнсіз көніп отырған билердің бейнесін ашады. Ел басшылары сыртқы күштердің ықпалында кетіп, өз халқын да қанауға кіріскенін өлең арқылы әшкерелейді. Ақын Барақ сұлтанға қарата айтқан сөзінде билеушілердің әділетсіздігін бетіне басып, олардың елді қорғаудың орнына өз қамдарын ғана күйттеп кеткенін сынайды. Ал «О, Ақтан жас, Ақтан жас» атты өлеңінде ақын болашақтан үміт күтетінін білдіреді. О, Ақтан жас, Ақтан жас, Сенде жетер ме екенсің? Жетімдіктің белінен Асып өтер ме екенсің? Жарық сәуле көре алмай, Ел шаңына ере алмай, 206 Сол бойы кетер ме екенсің? - деп жетім бала Ақтанның көзтүрткі өмірі ақынның аяушылық сезімін қозғап, жүрегін тебірентеді. Дулатты баланың болашағы қатты алаңдатты. Ол жастардың әділетсіздікке қарсы тұрып, елдің еркіндігі үшін күресетінін армандайды. Ақынның бұл өлеңі оптимистік сарында аяқталады, өйткені ол қазақ халқының азаттыққа жетеріне сенді. Зар заман ақындарының әлеуметтік философиясы да - елдің, жердің, халықтың мұң мұқтажын жеткізуші ролінде болды. Оларға

қандай жала жабылса да, азаттық үшін күрескер ретінде мәңгі есте қалды. Олардың ерен-енбектерінің арқасында әр заманның өз уақытына сәйкес жақсы да жаман да сарыны болатынын айқындадық. Қазіргі заманмен сол XIX ғасыр кезеңін салыстырар болсақ, әлдеқайда өміріміздің бейбіт екенін көріп, қуанамыз. Десек те, Зар заман ақындарының көтерген мәселелері XXI ғасырда да өзекті. Зар илеген халқымыздың зарын сонау ғасыр бойы біздің ұрпағымызға дейін жеткізу - ақындарымыздың жанашырлығын білдіреді. Зар заман ақындары халықтың рухани тірегі болды. Олардың толғаулары бүгінгі күнде де өзекті, өйткені әділетсіздікке қарсы тұру, ұлттық бірлікті сақтау, тәуелсіздікті қадірлеу сияқты идеялар уақыт өткен сайын маңызын жоғалтпайды. Осылайша, олардың әлеуметтік философиясы – қазақ халқының тарихи жады мен рухани мұрасының ажырамас бөлігі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Қожекеева Б.Ш. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы: Зар заман әдебиеті: оқу құралы./ Б.Ш.Қожекеева. Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013. 2. Зар заман: жыр-толғаулар / Құраст. С. Дәуітов. — Алматы: Жалын, 1993. 3. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры./ Ы. Дүйсенбаев. — Алматы: Жазушы, 1970. 4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық / Х. Сүйіншәлиев. — Алматы, 1997. Б.Омаров “Зар заман әдебиеті” Монография - Астана,2005